

**"Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 28 тамыздағы № 372 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 28 тамызда № 21146 болып тіркелді.

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17669 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілердің Электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде 2018 жылғы 12 қарашада жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында:

**10-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:**

"10-1. Қазақ тілінде оқытылатын оқушылар үшін "Әліппе", "Ана тілі" пәндері бойынша әліппеге дейінгі және әліппе кезеңдерінің міндеттері "Әліппе" оқулығымен 1-жартыжылдықта, әліппеден кейінгі кезеңнің міндеттері "Ана тілі" оқулығымен 2-жартыжылдықта; орыс тілінде оқытылатын оқушылар үшін "Букварь", "Обучение грамоте" пәндері бойынша әліппеге дейінгі және әліппе кезеңдерінің міндеттері "Букварь" оқулығымен 1-жартыжылдықта, әліппеден кейінгі кезең міндеттері "Обучение грамоте" оқулығымен 2-жартыжылдықта жүзеге асырылады.";

**42-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:**

"42. Сыныпты екі топқа бөлу қалалық жалпы білім беретін ұйымдарда сыныптарда білім алушылар саны 24 және одан артық, ауылдық жерлерде білім алушылар саны 20 және одан артық болғанда:

- 1) оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптарда қазақ тілі бойынша;
- 2) оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін сыныптарда орыс тілі бойынша;
- 3) шетел тілі бойынша;
- 4) цифрлық сауаттылық бойынша;
- 5) өзін-өзі тану бойынша жүзеге асыруға болады.

Тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын жүзеге асырған, карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған

жағдайларда барлық оқу пәндері бойынша сыйыпты топтарға бөлу бір сыйыпта 15 білім алушыға дейінгі толымдылықпен жүргізіледі.";

65-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"65. Бастауыш білім беру деңгейінде бағалау 2-сыйыптан бастап формативті және жиынтық бағалауды қолдану арқылы жүзеге асырылады.".

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында:

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Жалпы білім беретін пәндер тізбесі мен көлемі бейіндік оқытуды ескере отырып, білім беру мазмұнын кәсіптік бағдарлау негізінде айқындалады.

ТЖКБ мамандықтары қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бейіндерге бөлінеді.

Жаратылыстану-математикалық бейінге: "Метрология, стандарттау және сертификаттау"; "Геология, тау-кен өнеркәсібі, пайдалы қазбаларды өндіру, өрт қауіпсіздігі және төтенше жағдайларда қорғау"; "Мұнай-газ өндірісі"; "Химия өндірісі"; "Энергетика"; "Көлік (салалар бойынша)", "Көлік техникасы, көлікті пайдалану"; "Байланыс, телекоммуникация және ақпараттық технологиялар"; "Құрылымыс және коммуналдық шаруашылық"; "Технологиялық машинадар және құралдар"; "Металлургия және машина жасау"; "Ауыл шаруашылығын механизаландыру және электрлендіру"; "Кәсіптік оқыту"; "Сервис"; "Бұйымдардың, кең тұтынылатын тауарлардың технологиясы"; "Тамақ өнімдерін өндіру технологиясы"; "Тамақтануды ұйымдастыру"; "Ветеринария және экология" жатады.

Қоғамдық-гуманитарлық бейінге: "Білім беру"; "Медицина, фармацевтика"; "Өнер және мәдениет"; "Экономика және басқару"; "Құқық"; "Қонақ үй бизнесі"; "Туризм" жатады.

Бейініне қарамастан міндетті жалпы білім беретін пәндерге: "Қазақ тілі" және "Қазақ әдебиеті" (қазақ тілінде оқытын топтар үшін), "Орыс тілі" және "Орыс әдебиеті" (орыс тілінде оқытын топтар үшін), "Қазақ тілі және әдебиеті" (орыс тілінде оқытын топтар үшін), "Орыс тілі және әдебиеті" (қазақ тілінде оқытын топтар үшін), "Шетел тілі", "Математика", "Информатика", "Қазақстан тарихы", "Өзін-өзі тану", "Дене тәрбиесі", "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" жатады.

Міндетті оқу пәндерін оқумен қатар білім алушылардың оқытудың стандарттық және терендетілген деңгейлерінде бейіндік пәндерді таңдауы қарастырылған.

Бейіндік оқыту білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін есепке алу негізінде жүзеге асырылады. Оқытудың екі деңгейінде пәндерді таңдаудың икемді жүйесі қолданылады. Білім алушы өз қалауы бойынша өзіне маңызды оқытудың терендетілген деңгейінің екі пәнін және стандарттық деңгейінің екі пәнін таңдайды. Стандарттық деңгейдегі пәндерге қарағанда терендетілген деңгейдегі бейінді пәндерге сағаттардың көп саны беріледі. Стандарттық деңгейде бейінді емес пәндер оқытылады.

Жаратылыстану-математикалық бейіннің тереңдетілген оқыту деңгейіндегі пәндеріне "Физика", "Химия", "Биология", "География" жатады. Бейіндік оқытудың осы бағытында стандарттық деңгейдегі пәндерге "Дүниежүзі тарихы", "Биология", "География" жатады.

Қоғамдық-гуманитарлық бейіннің тереңдетілген оқыту деңгейіндегі пәндеріне "Дүниежүзі тарихы", "Химия", "Биология", "География" жатады. Бейіндік оқытудың осы бағытында стандартты деңгейдегі пәндерге "Физика", "Химия", "Графика" және жобалау" жатады.

Жалпы білім беретін пәндердің мазмұны үлгілік оқу бағдарламаларымен анықталады.

Ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар тұлғалар үшін арнайы оқу бағдарламаларындағы жалпы білім беретін пәндер тізбесін ТжКБ ұйымы мамандығына байланысты өзі анықтайды.

ТжКБ ұйымының қалауы бойынша жалпы білім беретін пәндер базалық және/немесе кәсіби модульдерге біріктіріледі.

ТжКБ ұйымдарындағы дene тәрбиесі оқу және оқудан тыс уақытта жүзеге асырылады.

"Дене шынықтыру" бойынша сабактар міндепті болып табылады және теориялық оқыту кезеңінде аптасына кемінде 4 сағат жоспарланады.

ӘАОО үшін "Дене шынықтыру дайындығы" бойынша сабактар міндепті болып табылады және аптасына кемінде 4 сағат жоспарланады. Әрбір оқу семестрі аяқталғаннан кейін емтихан өткізіледі. Спорт секцияларындағы сабактар аптасына 4 сағаттан аспайтын көлемде көзделеді.

Жоғары дene жүктемесін көздейтін мамандықтар (хореография, спорт, цирк өнері) үшін "Дене шынықтыру" бойынша сабактар арнайы пәндер немесе кәсіби модульдер шенберінде іске асырылады.

Білім беру ұйымдарында алғашқы әскери және технологиялық дайындық бойынша сабактар қыз балаларға ұлдармен бірге, "Медициналық білім негіздері" бөлімі бойынша – бөлек өткізіледі. "Әскери іс негіздері" бөлімі бойынша практикалық сабактарға қыз балалар тартылмайды. Алғашқы әскери дайындық курсы аяқталғаннан кейін білім алушылармен оқу-далалық (лагерьлік) жиындар өткізіледі. Оқу-дала жиындары кезінде қыз балалар медициналық қызметкердің жетекшілігімен білім беру ұйымдарында медициналық-санитарлық дайындықтан өтеді. "Өмір қауіпсіздігі негіздері" кіріктірілген білім беру бағдарламасының мазмұны "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" оқу курсы шенберінде жүзеге асырылады (ӘАОО-ны қоспағанда).

Қалалық ТжКБ ұйымдарында топтарда 24 және одан да көп білім алушылар, ауылдық жерлерде – 20 және одан да көп білім алушылар болған жағдайда жалпы білім беру пәндерін өткізуде кіші топтарға бөлуге рұқсат етіледі:

- 1) оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін топтарда – қазақ тілі және әдебиеті;
- 2) оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін топтарда – орыс тілі және әдебиеті;
- 3) шетел тілінде;
- 4) информатикада;
- 5) дене тәрбиесінде.

Топта ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар тұлға болған жағдайда топ толымдылығы осындай әр білім алушыға барлық білім алушылар санын үшке кеміту есебінен жүзеге асырылады.";

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Эскери мамандықтарды қоспағанда, ТжКБ-ның білім беру бағдарламалары әлеуметтік-экономикалық пәндерді немесе базалық құзыреттерді қалыптастыратын базалық модульдерді оқытууды көздейді.

Базалық құзыреттер: кәсіби қызмет саласындағы көптілді қарым-қатынасты, қазақ тілде қызметтік құжаттарды жүргізуді, салауатты өмір салтын қолдауды және дene қасиеттерін жетілдіруді, қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтенуді және бейімделуді, нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуді, оның ішінде қаржылық сауаттылықты және кәсіпкерлік қызметті, патриотизм мен ұлттық сана-сезімді дамытууды, цифровық сауаттылықты және ақпараттық-коммуникациялық дағдыларды, жасыл технологияларды және қоршаған ортаны қорғауды және т.б. қамтиды.

Базалық модульдерге әлеуметтік-экономикалық және гуманитарлық пәндер кіріктіріледі. Келесі базалық модульдер оқытылады:

1) кәсіби қызмет саласында кәсіби лексиканы қолдану. Бұл модульде: қазақ тілінде оқытын топтар үшін – кәсіби орыс тілі, кәсіби ағылшын тілі, қазақ тілде іс қағаздарын жүргізу; орыс тілінде оқытын топтар үшін – кәсіби қазақ тілі, кәсіби ағылшын тілі, қазақ тілде іс қағаздарын жүргізу кіріктіріледі;

2) дene қасиеттерін дамыту және жетілдіру;

3) ақпараттық-коммуникациялық және цифровық технологияларды қолдану;

4) қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану (Философия негіздері, Мәдениеттану, Құқық негіздері, Әлеуметтану және саясаттану негіздері);

5) экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін кәсіби қызметте қолдану (Экономика негіздері, Кәсіпкерлік қызмет негіздері, Іскерлік қарым-қатынас этикасы).

"Қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану" модулі орта буын маманы деңгейінде оқытылады.";

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Алынған білім, білік, дағды және құзыреттілік деңгейі бақылаудың келесі түрлерімен қамтамасыз етіледі: үлгерімді ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау.

Оқу процесінің жоспарында аралық және қорытынды аттестаттау көрсетіледі.

Білім беру ұйымы білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды жүзеге асыру және аралық аттестаттаудан өткізу нысанын, тәртібін және кезеңділігін таңдауда дербес.

Білім алушылардың оқу жетістіктерінің деңгейін бағалау балдық-рейтингтік әріптік жүйеде жүргізіледі.

Бақылау жұмыстары мен сынақтар аталған пәнді оқуға бөлінген оқу уақытының есебінен, соның ішінде модульдерге біріктілген немесе модуль бойынша емтихандар – аралық немесе қорытынды аттестаттауға бөлінген мерзімде өткізіледі.

ӘАОО-да барлық пәндер бойынша аралық аттестаттау көзделген, оның негізгі түрі емтихан болып табылады.

Жалпы білім беретін пәндер, оның ішінде модульдерге біріктілген пәндер бойынша аралық аттестаттау: тіл, әдебиет, Қазақстан тарихы, математика және ТжКБ ұйымдары таңдаған пән бойынша емтихан өткізуі көздейді.

ТжКБ білім беру бағдарламасын меңгерудің толық аяқталуы бойынша қорытынды аттестаттау өткізіледі.

Қорытынды аттестаттау дипломдық жұмысты немесе дипломдық жобаны жазу және қорғау немесе кешенді емтихан түрінде өткізіледі.

Жұмысшы біліктілігін игерген және оқуын жалғастырмайтын білім алушылар үшін біліктілік емтиханы түрінде қорытынды аттестаттау өткізіледі. Бағдарламаны толық меңгерген жағдайда аралық аттестаттау шеңберінде білікті жұмысшы кадрлар деңгейі үшін біліктілік емтиханы өткізіледі, қорытынды аттестаттауға арналған оқу уақытының көлемі кәсіптік практикаға беріледі.

Біліктілік емтихандары өндірістік аландарда, зертханаларда, шеберханаларда немесе әрбір біліктілік бойынша қажетті жабдықпен жарақтандырылған оқу орталықтарында өткізіледі.

Біліктілік емтихандарын өткізу демонстрациялық емтихан нысанын қарастырады.

Өнер және мәдениет саласындағы мамандықтар үшін шығармашылық тапсырмаларды орындау көзделген.

ӘАОО үшін қорытынды аттестаттау арнайы пәндер бойынша кешенді емтихан тапсырудан және дене тәрбиесі пәні бойынша емтихан тапсырудан тұрады.

Ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар тұлғалар үшін қорытынды аттестаттау өндірістік оқыту бойынша орындалатын іс-әрекеттерді түсіндіре отырып, практикалық жұмысты орындау нысанында өткізіледі.

Білім алушылардың қорытынды аттестаттау нысанын ТжКБ ұйымы айқындайды.

Тізбесі жұмыс оқу жоспарына сәйкес анықталатын дене тәрбиесі сабактарын, жалпы кәсіптік және арнайы, оның ішінде базалық және кәсіптік модульдерге кіріктілген пәндер бойынша зертханалық жұмыстарды, практикалық сабактарды, шеберханаларда (оқу полигондарында және оқу шаруашылықтарында) өндірістік

оқытуды жүргізу кезінде оқу топтары саны 13 адамнан аспайтын шағын топтарға, медициналық және фармацевтикалық білім беру ұйымдарында клиникалық пәндер бойынша оқу топтары 8 адамнан аспайтын шағын топтарға бөлінеді".

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Мектепке дейінгі және орта білім беру комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік жасайтын Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі*

*A. Аймагамбетов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК